

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми  
РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытына, атап айтқанда әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және 7.2 «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі қолданбалы пәнаралық зерттеулер» арнайы бағытына сәйкес орындалды. Жұмыс «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын докторантура аясында дайындалды.</p> <p>Зерттеудің мақсаты – Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» тарихи географиялық еңбегіндегі Азия құрлығының тарихи географиясы бойынша дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтай, бұрынғы авторлардың еңбектерінен ерекшелендіретін құрылымын және мазмұны мен әдістемесін талдай отырып зерттеу жүргізу. Осы мақсатқа жету үшін пәнаралық әдіснама негізінде дереккөздерге талдау жасалып, теориялық тұжырымдар жүйеленді және практикалық қорытындылар ұсынылды. Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу жұмысы Қазақстанның өткені мен болашағын бағамдау мақсатында құрылған «Қазақстан-2050» стратегиясы, ҚР Үкіметі қабылдаған 2003 ж. «Мәдени мұра», 2013 ж. «Халық</p>

			<p>тарих толқынында», 2020 ж. «Архив – 2025» және т.б. мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Бұл бағдарламаларда ұлттық код, халық жады, тарихи, мәдени, рухани құндылықтарымызды қайта қарау, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, Ұлы дала тарихы мен мәдениетін тың дереккөздер негізінде заманауи зерттеулермен жаңа көзқараспен сараптап, ғылыми айналымға енгізу бағыттарына маңыздылық берілген. Сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның «мұраларын түгендеу жұмыстары басты назарға алынған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b>/ашылмаған.</p>	<p>Бұл диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың тақырыбы анық, мақсаты-міндеттері айқын, ғылыми тұжырымдары мен қорытындысы нақты. Шетелдік ғылымда көбінесе компиляция немесе қосымша дерек ретінде ғана қарастырылып келген «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі осы жұмыста Азияның тарихи географиясы бойынша мазмұны бай, аса құнды дербес дереккөз ретінде жүйелі талданды. Орталық Азия (Мәуереннаһр, Хорезм, Түркістан) қалалары мен өлкелерінің тарихи географиясы нақтыланып, олардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық өмірінің жаңа қырлары ашылды. Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері нақты, қолданған әдістері анық, қорғауға ұсынған жаңалықтары дәйекті. Диссертацияның ғылыми аппараты да толық, пайдаланылған әдебиеттері де қомақты.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><b>1) жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Ғылыми жұмыстың тілі жатық, ғылыми стильде жазылған, деңгейі жоғары. Ішкі құрылымдарында, тарау мен тараушаларында үйлесімділік бар. Деректерді қорыту мен мәліметтерді беруде өзіндік стилі анық аңғарылады. Сондай-ақ, ғылыми жұмысты жазу барысында жариялаған мақалаларында ізденушінің ғылыми стилі қалыптасып, ғылым әлеміне дайындықпен келгенінен хабар береді.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p><b>1) негізделген;</b></p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі жан-жақты негізделген. Ғылыми жұмыстың тақырыбы мен мазмұны толық сәйкес келеді, ішкі тараулар мен тараушалар да үйлесімділік, іштей байланыс бар. Диссертация үш тараудан тұрады. Жұмыстың соңында қорытындысы мен пайдаланылған әдебиеттері тізімі, сондай-ақ, жұмысты айшықтауға байланысты қосымшалары берілген.</p> <p>Диссертацияның тақырыбы мен мазмұны толық сәйкес келеді. Сондықтан да диссертация мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Ішкі тараулар диссертация мазмұнын жеткізуге, ал мазмұн тақырыпты ашуға негіз болған. Сондықтан да жұмыс жүйелі, тиянақты әрі нақты жазылған.</p> <p>Ғылыми жұмыстың мақсаты анық, міндеттері нақты. Қойылған міндеттер негізгі мақсатқа жетуге негіз болған. Жұмыстың тақырыбында көрсетілген «Азияның тарихи географиясы» мен «дереккөз» деген басты ұғымдар зерттеудің мақсатында тікелей көрініс тапқан. Міндеттер тек жалпы географияны емес, Азияның нақты аймақтарын (Мәуереннаһр, Хорезм, Түркістан) зерттеуді көздейді, бұл тақырыптың мазмұнын тереңдетеді. Сондықтан да диссертацияның мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация үш тарауды қамтитын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Ішкі тарау-тараушаларында үйлесімділік бар. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан.</p>
----	----------------------	--	---

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант бұрыннан бар ғылыми әдістер мен қағидаттарды қолдана отырып, қол жеткізген материалдар негізінде жаңа бағытқа негізделген жаңаша талдау жасай білген. Салыстыру, тарихи-салыстырмалы, тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістерін қолдана отырып, өзіндік сыни талдауларға қол жеткізген. Диссертант Әбул-Фиданың сипаттамалық географиядан кестелік (таблицалық) жүйеге көшуін үлкен ғылыми секіріс ретінде бағалай отырып, бұл әдістің артықшылықтары мен сол заманғы шектеулерін сыни тұрғыдан талдаған. Жұмыста жер-су атауларына (топонимдерге) қатысты семантикалық-этимологиялық талдау жасалған. Автор ортағасырлық атаулардың трансформациясын және олардың Әбул-Фида еңбегіндегі берілу нұсқаларын сыни електен өткізген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа.</p> <p>Зерттеудің ғылыми жаңалығы:</p> <p>1) Әбул-Фиданың шығармашылық жолының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері анықталды;</p> <p>2) «Такуим әл-Бұлдан» еңбегінің зерттелу мәселесінің деңгейі әлеуметтік-гуманитарлық сала ғалымдарының зерттеулері контекстінде сипатталды;</p> <p>3) «Такуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктері талданды;</p> <p>4) Әбул-Фида қолжазбасындағы Мәуереннаһр, Хорезм мен Түркістанның тарихи географиясы анықталып, әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмірдің жаңа қырлары ашылды;</p> <p>5) Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия географиясы туралы зерттеулері - антикалық (ежелгі), ерте және ортағасырлық географтар дәуірлері контекстінде</p>

			қарастырылды; б) Әбул-Фиданың шығармашылық жолына әсер еткен әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және т.б. факторлар зерттелінді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Үш тарау мен әр тарауда берілген тараушаларда жасалған тұжырымдары жинақталып, жұмыстың Қорытынды бөлімінде толық көрініс берген. Соның негізінде диссертацияның тақырыбы мен мазмұны толық ашылып, алға қойған мақсат-міндеттерге толығымен жеткен.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер мен шешімдер толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы айтылған пікірлер, жасалған тұжырымдар мен қол жеткізілген нәтижелер, пайдаланылған дереккөздер ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдермен негізделіп отырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Диссертанттың жұмысты жазу барысында ұсынған қағидаттары: 7.1 Ғылыми қағидаттар дәлелденген; 7.2 Ғылыми зерттеудегі қағидаттар тривиалды емес; 7.3 Ғылыми зерттеудегі қағидаттар жаңа; 7.4 Ғылыми зерттеудегі қағидаттардың қолдану деңгейі

	<p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>ауқымды.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша жазылған 10 ғылыми мақалада қағидаттар дәлелденген.</p> <p>Атап айтқанда, 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 9 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты</p> <p>Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты. Зерттеу барысында қолданылған әдістер дұрыс таңдалған. Зерттеуде салыстыру,</p>

	жазылған:	тарихи-салыстырмалы, тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылған. Автор Әбул-Фида қолжазбасының құрылымын, оның ішіндегі мәтіндік сипаттамалар мен кестелік (зидж) деректерді жүйелеуде осы әдісті тиімді қолданған. Бұл әдіс деректің түпнұсқалылығы мен мәліметтердің алыну көздерін анықтауға мүмкіндік берді. Әбул-Фиданың мәліметтерін оған дейінгі Птолемей, әл-Бируни, Ибн Саид еңбектерімен салыстыру арқылы автор географиялық білімнің даму динамикасын көрсетті. Бұл әдіс Әбул-Фиданың қандай жаңалық қосқанын және қай деректерді өңдегенін айқындауға көмектескен.
Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияны жазу барысында заманауи компьютерлік технологияларды толығымен қолданған. Диссертант кестелердегі жүздеген қалалардың аттарын, координаттарын (бойлық пен ендік) және климаттық сипаттамаларын жүйелеу үшін деректер қорын басқару бағдарламаларын (MS Excel және т.б.) қолданған. Ортағасырлық автор көрсеткен қалалардың координаттарын қазіргі заманғы карталармен сәйкестендіру үшін диссертант картографиялық бағдарламалар мен электронды карталарды (Google Earth, ArcMap элементтері) пайдаланған.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	Жұмыста теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар дәлелденген және расталған. Диссертациядағы барлық теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтар нақты деректік материалдармен, салыстырмалы-тарихи талдаумен және заманауи технологиялық тексерулермен толықтай дәлелденген және расталған. Бұл жұмыстың нәтижелерін ортағасырлық Азия тарихы мен географиясын зерттеуде сенімді негіз ретінде

	эксперимент негізінде дәлелденеді):	қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан да ғылыми жұмыстың тұжырымдарын ортағасырлық тарихи және географиялық мұраны кешенді зерделеуде кеңінен қолдануға болады.
	<b>1) ия;</b>	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <b>расталған</b> / расталмаған.	Зерттеу барысында ортағасырлық қолжазбалар қолданылған. Ондағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Араб, ағылшын және түркі тілдеріндегі ғылыми еңбектер кеңінен қолданылған. Диссертацияда Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасы мен қоғамдық қызметіне қатысты мәселелерді қарастырғанда ортағасырлық араб ғалымдарының - Ибн Таймия, Ибн Касир, Ибн Хаджар әл-Асқалани, Жамал ад-Дин әл-Қасми, Ибн Хазм әл-Андалусидің - еңбектері, сондай-ақ қазіргі заманғы зерттеушілердің – Мұхаммед Мұхсин Хан Хаддад, Бернар Ле Гуэн, М. Ибраһим, Маршалл Гудвин Симмс Ходжсон, Чейс Робинсон, Патрисия Кроун, Хью Кеннеди, Гюнтер Эрнст фон Грюнебаум, Фазлур Рахман, Вильферд Маделунг, Рудольф Питерс – жұмыстары ескерілген. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктері мен зерттелу мәселелерін талдауда Ибн Саид әл-Мағриби, Сильвестр де Саси, Джозеф Туссейн Рено мен Мак Гукин де Сланг, Джованни Баттиста Рамузио сияқты тұлғалардың еңбектері пайдаланылған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті. Теориялық және әдіснамалық еңбектер молынан қамтылған. Библиографиялық тізім ортағасырлық қолжазбалардан бастап, қазіргі заманғы шетелдік және отандық зерттеулерді қамтиды. Тізімде 130-дан астам атау көрсетілген, олардың

			ішінде Әбул-Фиданың өз еңбектерімен қатар Птолемей, әл-Бируни, Ибн Саид, әл-Идриси сияқты классикалық авторлардың туындылары бар. Жұмыста тарихи географияның теориялық мәселелерін зерттеген В.В. Бартольд, И.Ю. Крачковский, С.П. Толстов сияқты іргелі ғалымдардың, сондай-ақ батыстық және шығыстық әдіснамалық мектептердің еңбектері молынан пайдаланылған. Диссертант әлемдік деңгейдегі исламтанушылар мен тарихшылардың (Маршалл Ходжсон, Чейс Робинсон, Патриция Кроун, Хью Кеннеди, Вильферд Маделунг т.б.) соңғы жылдардағы (2010–2025 жж.) еңбектерін ғылыми айналымға қосқан.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <b>1) бар;</b> 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеудің теориялық (әдіснамалық) базасы қазіргі арабтану, шығыстану және ғылым тарихы салаларындағы жетістіктерге және тарихи география және онымен тығыз байланысты ұғымдарға сүйенеді. Нақтырақ айтқанда, исламдық географиялық дәстүрдің қалыптасуы мен эволюциясын ашатын концепциялар, географиялық білімдерді жүйелеу және классификациялау әдістемесі, сондай-ақ ортағасырлық картографиядағы математикалық-астрономиялық әдістердің рөлі ескеріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық құндылығы: Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясы бойынша тарихнамалық әдебиетте бұрын тиісті деңгейде қамтылмаған тәуелсіз дереккөз ретінде жүйелі түрде алғашқы рет салыстырмалы талдауға ұшырады. Азия өңіріне ерекше назар аудара отырып, аталған еңбектің құрылымы мен әдістемесінің жан-жақты сипаттамасы ұсынылды. Бұған дейінгі зерттеулермен салыстыра отырып, географиялық сипаттамалардың ерекшеліктері анықталды.

			Сондай-ақ, Азия кұрлығындағы бірқатар өлкелердің тарихи географиясы нақтыланды және олардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмір салаларының жаңа қырлары айқындалды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Трактатта көрсетілген географиялық нысандар мен қалалардың сипаттамаларын қазіргі Қазақстан аумағындағы «орны белгісіз» ортағасырлық қалашықтарды іздеу және сәйкестендіру (идентификациялау) жұмыстарында қолдану ұсынылған. Бұл археологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыратын жаңа әдістемелік кеңес.
		<b>1) толығымен жаңа;</b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертация ғылыми стильде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандартқа сәйкес. Жазу деңгейі де жоғары.
		<b>1) жоғары;</b>	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы мазмұн мен стиль жағынан, мәтін ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді, бірақ кей жерлерде біршама орфографиялық немесе техникалық ( «энеж», «эж» т.б. сияқты) қателіктер бар. Ескертулер диссертацияның сапасына елеулі әсер етпейді және жұмыс ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияны жазу барысында 10 мақала жарияланған. Ғылыми мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, мақсат-міндеттеріне қол жеткізілген, толыққанды ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертанттың осы ғылыми ізденістер арқылы ғылым әлеміне енгенін, келешекте үлкен жетістіктеге қол жеткізуге болатынына көз жеткізуге болады. Сондықтан да, Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызын «8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>
-----	---	--	---

**Ресми рецензент:**

**Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры, философия докторы (PhD)**

**Н.Т. Абдимомынов**

